

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Елу жылда ел жаңа

ЖАРИЯЛАНДЫ
16.11.2017СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/20495/>

АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Нурғалиев Нурбек Қырғызбаевич

Қазіргі әлемде болып жатқан қарқынды өзгерістерге жауап ретінде әлемдегі бүкіл елдер өздерінің білім беру жүйелерін қайта құруда. Білім беру мазмұнының жаңаруына деген көзқарасым .Елбасы Н.Ә. Назарбаев өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін-білім екенін айта келіп білім беру жүйесін жетілдіру мәселесін алға қойған болатын. Бүгінгі таңда мемлекетіміздің білім беру жүйелерімен білім беру мазмұнын жаңарту жолында. Оның басты себептері әлемдік өркениетке ілесе отырып, еліміздің бәсекеге қаблетті 30 елдің қатарына қосу идеясы болып отыр. Оқыту үдерісіндегі қалыптасқан көзқарастар мұғалімнің сыныптағы барлық іс-әрекеттеріне әсер етеді. Білім беру мазмұнының жаңаруы оқушылардың ой өрісін жан-жақты дамыту, оларға заман талабына сай білім беру және тәрбиелеу. Ал оқушыны жан-жақты дамыту дегеніміз баланың жан дүниесін, рухани өсу, қаблеті мен дарыны анықталып кең өрістеуі, парасатты ой мен адамгершілік көзқарасының қалыптасуы. Білім мазмұнының жаңартылуы оқытуда жеке тұлғаның қаблеттерін дамытуға көңіл бөледі оқыту кезінде тұлғаның ғылыми және қолданбалы білімді қабылдау, түсіну қабілетін есепке алуды талап етеді. Қазіргі білім беру нәтижесі болып, тек оның мөлшері ғана емес, сонымен қатар алған білімді тәжірибе жүзінде пайдалану, жеке басының қаблеттерін дамыту мақсатында қолдана білуге жетелейді. Білім беруді жаңарту оқушылардың білімін ғана емес, оларды қолдану дағдыларын, атап айтқанда функционалдық сауаттылығын немесе құзыреттілігін қалыптастырады. Бұл тұрғыда мұғалім құзыреттілігін дамыту арқылы оқушының сындарлы дамуына көп көңіл бөлу керек екенін түсіне бастадым . Бұрын мұндай жаңалықтарды теледидардан көруші едік , қазір бәрін өзіміз жасай бастадық. »Лессен стади» деген оқушыны зерттеуді , сабақты зерттеуді қолға алдық .

Бұл өте қызықты зерттеу екен мұнда әр бір оқушыны зерттеу оның бойындағы сабақ кезіндегі іс-әрекеті толық бақылауда болып ,сабақтан кейін кәсіби сұхбат алуда оқушының ойы тыңдалып.Оқушы мұғалімнің серіктесі екеніне көз жеткізе бастадық .Мұғалімдерде шығармашылық шабыт қалыптасып ,интер белсенді әдістердің әр түрін қолданып ,жаңаша көзқарас қалыптасты .Мұғалімде өзгерді ,оқушыда өзгерді .Оқушы ойын тыңдау қалыптаса бастады.Оқушының ізденіп келуіне ықпал жоғары бола бастады . Мұғалімнің сабақ беру кезіндегі жұмысында жеңілдік пайда бола бастады . Оқушы іздену арқылы жаңа идеялар туа бастады . Білім мен ғылым жолында жаңа көзқараспен үлкен жобаны іске асырып отырған елімізде білім жоғары деңгейде қарқында дамитындығына сенімім мол.

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.